

М.М. Ықылас* , Б.А. Габдулина 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: muhkit@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Елімізде көші-қон мәселесі өте өзекті тақырыптардың бірі. Әсіресе халқы тығыз орналасқан аймақтан солтүстікке көшіру саясаты ақсап тұр. Ресми деректерге сүйенсек, 2012 жылдан бері елімізге екі жүз мыңға жуық адам көшіп келсе, керісінше көшіп кеткендер саны төрт жүз мыңға жуық адам, яғни екі есе көп.

Ішкі көші-қон жағдайыда көңіл көншітпейді, себебі солтүстік өңірлерде адам саны азайып барады, ауылдарда адам аз, білім ошақтары жабылу үстінде тұрса, уақыт өте еліміздің оңтүстік облыстарында кері процесс – тұрғындар тоқтаусыз өсу үстінде. Бұның салдары – жұмыссыздың кең етек алуына, баспана мәселесіне, мектептердегі үш ауысымдыққа, балабақшаның жетіспеушілігіне, үлкен бәсекелестікке, сыбайлас жемқорлыққа әкеліп соғады.

Статистикаға сәйкес, 2050 жылға қарай елдің солтүстігіндегі халық саны 600 мың адамға азаяды, ал елдің оңтүстігіндегі халық саны 1,6 миллион адамға өседі. Оңтүстік өңірлердегі халық тығыздығы солтүстіктегі адамдар орналасуының тығыздығынан төрт есеге асып түсетіні шындыққа айналып келеді.

Мұндай аймақаралық теңсіздікті тоқтату үшін ел үкіметі алдымен «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекітті және 5 жыл ішінде Оңтүстікті солтүстікке көшіруге тырысты. Бұл бағдарлама күтілетін нәтиже бермесе де, ішкі көші-қонның оң және теріс жақтарын ажырата отырып, ішкі көші-қонның дұрыс бағытта жандануына ықпал етті.

2022 жылы жаңадан «Күшті өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жоба іске қосылды. Бұған дейінгі бағдарлама барысының кем тұстары айқындалған соң, енді қоныстанушыларға тың мүмкіндіктер, жаңа жеңілдіктер берілетін болды. Мақала авторлары мемлекеттің осы бастамаларын талдайды және осындай аймақаралық диспропорцияның пайда болуының алғышарты болған оқиғаларға тоқталады. Сонымен қатар, көші-қон саясатын жақсарту үшін әлі қандай шаралар қабылдау керектігі талданып, бірқатар шешімдер ұсынылады.

Түйін сөздер: демография, Қазақстандағы көші-қон, халық саны, жалпыұлттық мүдде, диспропорция, «Көші-қон саясатының тұжырымдамасы», еңбек биржасы, ішкі миграция.

M. Ykylas*, B. Gabdulina

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

*e-mail: muhkit@mail.ru

A new stage of Kazakhstan's migration policy

The problem of migration in the country is one of the most relevant topics today. The policy of resettlement from a densely populated region to the north is particularly lame. According to official data, about two hundred thousand people have immigrated to our country since 2012, and on the contrary – almost four hundred thousand people, that is, twice as many.

The imbalance in the location of the population by region in the Republic of Kazakhstan, according to which different economic development between regions, the emergence of the need for the redistribution of labor – labor resources – have changed attitudes towards migration policy, increased concerns about the regulation of internal migration. As a sparsely populated state with a large territory, but populated there, it is obvious that in recent years there has been a large disparity in the settlement of the population throughout Kazakhstan.

As one of the measures to restore this imbalance, a state program of voluntary placement of the population from the southern regions to the northern regions has been implemented. Some conditions have been created for those who have moved to the north, there are various benefits and financial incentives. To put an end to such interregional inequality, the government of the country first approved the state program “Enbek” and within 5 years tried to move the South to the north. Although this program did not produce the expected results, it contributed to the intensification of internal migration in the right direction, distinguishing the pros and cons of internal migration.

In 2022, a new national project “strong regions – the driver of the country’s development” was launched. After the shortcomings of the previous program were revealed, new opportunities and new benefits will now be provided to the settlers. The authors of the article analyze these initiatives of the state and dwell on the events that became the prerequisites for the emergence of such an interregional disparity. In addition, it will analyze what other measures should be taken to improve migration policy and propose a number of solutions.

Key words: demography, migration processes, population size, national interests, disproportion, “Migration policy concept”, labor exchange, internal migration.

М.М. Ықылас*, Б.А. Габдулина

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

*e-mail: muhkit@mail.ru

Новый этап миграционной политики Казахстана

Проблема миграции в стране – одна из очень актуальных тем на сегодняшний день. Особенно хромает политика переселения из густонаселенного региона на север. По официальным данным, с 2012 года в нашу страну иммигрировало около двухсот тысяч человек, а наоборот – почти четыреста тысяч человек, то есть в два раза больше.

Дисбаланс в расположении населения по областям в Республике Казахстан, в соответствии с которым разное экономическое развитие между регионами, возникновение необходимости перераспределения рабочей силы – трудовых ресурсов – изменили отношение к миграционной политике, усилили опасения по поводу регулирования внутренней миграции. Как малонаселенное государство с большой территорией, но населенное там, очевидно, что в последние годы по всему Казахстану наблюдается большая диспропорция в расселении населения.

В качестве одного из мероприятий по восстановлению этого дисбаланса реализована государственная программа добровольного размещения населения из южных регионов в северные. Для тех, кто переехал на север, созданы некоторые условия, есть различные льготы, материальные стимулы. Чтобы положить конец такому межрегиональному неравенству, правительство страны сначала утвердило государственную программу «Еңбек» и в течение 5 лет попыталось переместить Юг на северные регионы. Несмотря на то что данная программа не дала ожидаемых результатов, она способствовала активизации внутренней миграции в правильном направлении, различая плюсы и минусы внутренней миграции.

В 2022 году запущен новый национальный проект «сильные регионы – драйвер развития страны». После того, как были выявлены недостатки предыдущей программы, теперь поселенцам будут предоставлены новые возможности, новые льготы. Авторы статьи анализируют данные инициативы государства и останавливаются на событиях, ставших предпосылками возникновения такой межрегиональной диспропорции. Кроме того, будет проанализирован, какие еще меры следует предпринять для улучшения миграционной политики, и предложен ряд решений.

Ключевые слова: демография, миграционные процессы, численность населения, общенациональные интересы, диспропорция, «Концепция миграционной политики», биржа труда, внутренняя миграция.

Кіріспе

Соңғы жылдары әлемде бұрын-соңды болмаған геосаяси, экономикалық және технологиялық өзгерістер болды. Мемлекеттер бекітілген құжаттарға сәйкес дайындалған жоспарлы даму барысына таң қалды. Барлығы өзгерістер ағынына бейімделе бастады, әртүрлі стратегиялық құжаттарды қайта жазды. Бүгінгі геосаяси жағдайда Қазақстан өзектілігін жоғалтпаған стратегиялық бағыттарды қайта пысықтады. Осы мөлшерге сәйкес келетін үлкен жер учаскелері бар халқы аз ел ретінде соңғы 10 жылда Қазақстан үшін көші-қон тақырыбы өте өзекті болып отыр. Бұл зерттеу жұмысының өзектілігін анықтайды.

Иә, қазіргі жағдайда, әлем өзгеріп жатқан кезде, Қазақстан екі құрлықты мемлекет ретінде байланыстыратын Азия мен Еуропа арасындағы маңызды құрлық дәлізі болып табылады. Бірақ көші-қон мәселесіне келетін болсақ, бұл маңыздылықтың кемшілігі де бар. Еуразия картасында ыңғайлы нүкте ретінде Қазақстан жаһандануға тән жағдайларды, сыртқы Әлеуметтік факторлармен бірге әлеуметтік – экономикалық үрдістер әсерінің көп бөлігін бірден қабылдап алды, нәтижесінде білікті кадрлардың елден тыс жерлерге кетуі күшейе түсті. Бұл соңғы он жыл ішінде көрініс тапты.

Осы кезеңдегі ішкі көші-қон мен демографиялық жағдайдың көрсеткіштері де айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Республика

аумағында халықтың тұрақсыз қоныстануына байланысты диспропорция орын алды. Елдің оңтүстік аймақтарының халқы тез көбейіп, халық тығыз орналасуы артты.

Сол кезде бұндай теңгерімсіздікті жоюға арналған, ұлттық және мемлекеттік дәрежедегі бағдарламалар қабылданып, халқы тығыз шоғырланған өңірлерден жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге, яғни солтүстік өңірлерге, атап айтқанда – Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарына адамдарды көшіру жұмыстары басталды (Ықылас М., Габдулина Б., 2023).

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы – осы кездегі мемлекеттік деңгейдегі алқашқы ресми құжат болды. Бұл игі бастама адамдарды солтүстік өңірлерге көшіру қажеттігін айқындап қана қоймай, кемшін тұстарын да анықтады (Бодаухан К., Джусибалиева А.К., 2018).

«Еңбек» бағдарламасының оң және теріс жақтары да арнайы сараптамадан өтті. Нәтижесінде, 2022 жылдан бастап оңтүстіктен солтүстікке көші – қон тоқтамауы үшін «Күшті өңірлер – елдің даму драйвері» атты жаңа ұлттық жоба өз жұмысын бастады. Мақаланың зерттеу тақырыбы сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың ішкі көші-қонға оң және теріс әсерін талдау, салыстырмалы зерттеу, Біздің көші-қон және демография бағытын қамтыған негізгі стратегиялық маңызға ие құжаттардың қандай өзгерістерді қабылдай алатынын бағалау болып табылады.

Мақсаты мен міндеті

Мақаланың мақсаты-қазіргі кезеңде аймақаралық көші-қон үрдісін дамыту үшін жасалған мемлекет деңгейіндегі бағдарламалар мен көші-қон мәселелерін шешу жолдарын анықтау, тиісті қорытынды жасау.

Ғылыми әдіснамалық негіздері

Көші-қонға қатысты зерттеулерде ең алдымен сараптама әдісі қолданылатыны анық. Сонымен қатар, зерттеу бағыттарының бірі осы көші-қон процесін бақылайтын сарапшылардың пікірлерін саралау болады. Деректерге қол жеткізу мүмкіндіктері кеңейген кезде, қазіргі кездегідей, тиісті ақпаратты өңдеу және деректерге толы сандарды саралау проблема емес. Сонымен қатар, көші-қон мәселелерімен айналысатын

облыстық басқармалар мен бір аймақтан екінші аймаққа көшіп келгендердің өз көзқарастары зерттеу әдісін жан-жақты етуге мүмкіндік береді. Бұл мәселемен бірнеше жыл қатарынан айналысқандықтан, қажетті ақпарат көздері қалыптасты, ақпаратты жаңартуға ықпал ететін көздер қоры құрылды. Осының арқасында осы мақала барысында ішкі көші-қонды жүйелеуге ықпал ететін ұсыныстарды дайындауға, көші-қон процесіне қатысушылардың ақпарат алу көздерін нақтылауға бағытталған жұмыс жан-жақты талданды.

Негізгі бөлім

Көшіп-қону барысының тарихы

Қазақстан тәуелсіздігі кезеңі басталған уақыттан бері қарай көші-қонның саясатын дамытуға бағытталған іс-қимылдардың негізгі кезеңін үшке бөлсек болады (Қазақстан: кеңейтілген көші-қон профилі, 2019).

Елдің демографиялық келбетін айтарлықтай өзгерткен алғашқы кезең 1991-2000 жылдарды қамтыды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты болған көшіп қонудың теріс әсерін мынадан көреміз: ел тұрғындары 1991 жылы 16,5 млн адам болса, жаңа мыңжылдық басында 4,8 млн адамды құрады, туу көрсеткіші төмендеп, өлім-жітім артты.

Осы кезеңдегі мемлекеттік көші-қон саясатының негізгі бағыты қазақтардың шетелге елге жаппай көші-қоны болды. Нәтижесінде 1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» бірінші заң қабылданды, көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды, көші-қон қазақтарының квотасы жылына 10 мың отбасына немесе 40 мың адамға белгіленді. Біздің еліміздің бұл бастамасы шетелде тұратын отандастарымыздың арасында қарқынды қолдау тапты.

Қазақстанның көшіп-қону саясатына әсер еткен екінші мыңжылдықтың алғашқы он жылдығында тұрғындар көрсеткіші 16,4 млн адамға жетті, яғни туу көрсеткіші өсті, өлім деректері азайып, оның деңгейі кәдімгідей төмендеді, бұған қоса көшіп келуші қандас ағайынның үлкен ағыны елге орналасты, 1 миллионға жуық адам шетінен тарихи отанына көшті. Міне 10 жылды қамтыған бұл ерекшелік көшіп-қону саясатында 2-ші кезеңді құрады.

Ана мен балаға қолдау көрсетуге, кедейшілік көрсеткішін төмендетуге, жағдайы нашар жанұяларға атаулы әлеуметтік көмекті беруге, сонымен бірге шетелдегі бауырлас ағайынды

қоныстандыруға арналған мемлекет деңгейіндегі құжаттар елдің демографиялық көрсеткіштеріне оң әсерін тигізді (Қазақстан: кеңейтілген көші-қон профилі, 2019).

Бұл аталған кезең экономикалық өрлеймен, серпін беретін саяси әлеуметтік өзгешеліктер арқылы көрініс тапты. Қазіргі уақытта сол жылдардың қарқыны жетіспейді. Шынында да, ғасырдың басындағы алғашқы онжылдық кезінде барлық көші-қон ағыстары бойынша өсім байқалды, ол кезеңнің соңына дейін сақталды, шет елден келетін мамандар үшін елдің тартымдылығы артты, елге заңды еңбек үшін келген шет елдіктер саны 58 мыңнан асып кетті, ал ішкі көшіп қону жаңа қарқын алды, тұрғындардың 300 мыңға жуығы ауылдарды тастап ірі қалалар мен жаңа астанамызға орын ауыстырды.

Дәл осы сәттен кейін тұрғындардың қала халқы болып жаппай атануы, отандастардың ел оңтүстігіне көші-қоны біздегі демографиялық тепе-теңдікті бұзды, осы бағыттағы мәселені барынша ұшықтырды.

Осы теңсіздікті қалпына келтіруге бағытталған 2001-2010 жылдарға арналған көші-қон саясатының жаңа «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» асында шетелдегі қандастардың көшіп келіп, елде тұрақтап қалуы 20 мың отбасыға ұлғайса да, Қазақстанда жаһандану белгілері берік орныққан сипат алды.

Бұл өзгерістер біздің еліміздегі көші-қонның үшінші кезеңіне әкелді. 2011-2022 жылдарды қамтитын бұл кезең салдарымен біз әлі де күресіп жатырмыз. Шынында да, 2012 жылғы көшіп қонудың теріс сальдосы салдарынан шетелге кеткендердің саны біздің елге келгендерден басым бола бастады. Біз бұл теріс сальдоньы әлі түбегейлі өзгерте алмаймыз. Шетелге тұрақты тұруға кететіндерді, негізінен білімді жастар мен білікті мамандарды ескере отырып, бұл көрсеткіш ең алдымен елдің адами капиталына салмақ салып сапаны түсіретіні түсінікті.

Ішкі көші-қонды саясатын жандандыру тетіктері

Шынында да, ішкі көшіп қону сұрағы 10 жылдан астам уақыт бойы шешімін таппаған ұлттық мүдделерге айналды.

Елде 65 шекаралас аймақ бар, өкінішке орай, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мез емес, өмір сүру деңгейі салыстырмалы түрде төмен. Осы өңірлерді дамыту мақсатында Президент арнайы тапсырма да берген, сондықтан осы шекара маңындағы аумақтарды дамыту бойынша нақты шаралар қабылдануы тиіс. Мұндағы

басты мақсат – шекара маңындағы аймақтардағы ауылдардан халықтың қоныс аударуын барынша төмендету, бұл аймақтардағы халықтың өмір жағдайын қолайлы ету, шекарамен шектесетін аудандардың экономика тұрғысынан дамуы үшін жаңаша серпіннің берілуі, мұның бәрі тұрғындардың туған өлкесінен көшіп кетпеуіне бағытталған шаралар. Осыған қарамастан халық тығыз қоныстанған оңтүстігімізден жұмыс орындары жеткілікті теріскейге көшу қарқыныны неге төмен?

2017-2021 жылдарды қамтыған мемлекет деңгейіндегі Еңбек бағдарламасының жалғасы болған Күшті өңірлер – ел дамуының драйвері ұлттық жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Жобаға сәйкес, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстарынан, жаңадан құрылған Жетісу облысының, сондай-ақ Алматы, Шымкент және Астана қалаларынан, сондай-ақ Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарының, Абай, Ұлытау өңіріне қоныс аударумен қатар басқада да қолдауға ие болады (Ықылас М., Габдулина Б., 2023).

2022 жылы «Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы осындай нақты көмекпен басталған кезде халық тығыз қоныстанған облыстардан солтүстік және Орталық өңірлерге 8 мыңға жуық адам қоныс аударды, оның ішінде қандастар саны – 1320 адам.

Ал 2017 жылдан 2022 жылға дейін «Еңбек» бағдарламасы басталған кезде жұмыс күші жеткілікті ел күнгейінен жұмыс іздеген 41,7 мың адам өзге аймаққа қоныс аударғанын статистика дәлелдеді, оны жылдарға бөлетін болсақ келесідей көрсеткішті аламыз – 2017 жылы жаңа өңірлердің тұрғыны болып төрт мың жан тіркелді, 2018 жылы бұл көрсеткіш 6,8 мыңға, 2019 жылы 9,1 мыңға, 2020 жылы 5,8 мыңға, 2021 жылы 8,1 мыңға өсті.

Шетелден елге көшіп келіп жатқан қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау квотасы 2023 жылы 8652 адамды құраған, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 566 адамға артық.

Ендігі кезде жұмыс істей бастаған Көші-қон саясатының тұжырымдамасы 2027 жылға дейінгі уақытты қамтиды, Еңбек саласын реттейтін министрлік жауапты болып отырған бұл құжат мүмкіндігі көші-қон тетігін жақсартады жұмысқа орналасу орындарын ашуға жәрдем етеді деп күтілуде (Переселенцы с юга на север могут получить до 4 миллионов тенге на покупку жилья, 2023).

Жобаны іске асырушылардың пікірінше, жаңа бағдарлама ел өңірлеріндегі демографиялық сәйкессіздіктерді жоюға көмектеседі.

Нәтижелері мен талқылама деректері

Солтүстік аймақтарда халықтың жаппай қоныстануы үшін жеткілікті шаралар бар. Оларға ұлттық жобалар, мемлекеттік бағдарламалар жатады. Аталған ресми іс-шараларды іске асыру барысы бір-екі жылдан аспайды. Бұл ұзақ өмір сүретін жұмыс, сондықтан егер бұл бағытта жоспарланған шаралар қолданылып, кез-келген жұмысты мұқият жоспарлау керек. Содан кейін бұл бағыттағы саясатымыз стратегиялы сипатқа ие болады, жүзеге асады, сол арқылы біз бүкіл сын-қатерлерге, қиындықтарға төтеп берміз.

Шынында да, солтүстік аймақтарда ауылдарда халықтың азаю мәселесі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлсіреуі, әсіресе шекаралас аймақтардың бос қалуы мемлекеттік қауіпсіздікке төнген қатер. Мұнда көші-қон мәселесін, елдің қауіпсіздік мәселесіне қатысты қажетті құжаттар мен шараларды қабылдау сыйды, жедел әрекет етуді және ұтқырлықты талап етеді.

Сондықтан мемлекет қабылдаған кез-келген бағдарлама уақыт өте келе өзгеріс енгізе алуы керек. Қажетті өзгерістерді көші-қон процесіне қатысушылардың өзі ұсынуы тиіс.

Өйтпесек, Ұлттық статистика бюросының деректері тек теріс мәліметтерді ұсынумен болары сөзсіз, өйткені ол деректер бойынша бір Шығыс Қазақстанда 1990 жылдан бергі отыз жылда тұрғындар 393 мың адамға азайды. Солтүстік Қазақстанда 30 жыл ішінде тұрғындар 360 мыңға, Қостанай облысында – 350 мың адамға, Ақмола облысында – 320 мың адамға, Павлодар облысында – 190 мың адамға қысқарды.

Өкінішке орай еліміздің солтүстік, орталық және шығыс өңірлері еңбекке жарамды адамдарды қажетсінетін, халқы саны аз аймаққа айналды, бұған қарама-қарсы көрсеткішке ие болып отырған еліміздің жылы жағында тұрғындар саны 3,5 миллионға өсіп отыр. Және де жылдан жылға арта береді де (Ұлттық статистика бюросы, 2020).

Қорытынды

Өңірлердегі халықтың теңгерімсіздігі – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Себебі солтүстік аймақтарда 2-3 оқушысы бар мектептер, 50 адамы бар ауылдар жабылғалы тұр, ал оңтүстігінде керісінше. Мәселен, Түркістан облысының

бір ғана ауданының халқы – бүкіл Солтүстік Қазақстанның халқы сияқты.

Бұл үлкен сәйкессіздікті қысқа мерзімде жою мүмкін емес. Жан-жақты сараланған, толыққан орындалған жұмыс қажет. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың рөлі басым. Әрине, ақпараттандыру шаралары бірінші кезекте тұруы керек. Алғашқы бастама ретінде көші-қон жұмысын цифрландыру шараларын атап өтуге де болады.

Бүгін қоныс аударуға ниеттілер жергілікті жердегі жұмыспен қамту орталығы арқылы яки электрондық еңбек биржасының сайты арқылы онлайн түрде өтініш бере алады. Бұл өте тиімді.

Нақты айтсақ, enbek.kz сайтының бір бөлімі қоныс аудару мәселелері бойынша кеңес алуға арналған ішінде барлық мәлімет бар, сол жерден қажет өтінім беруге болады (Электрондық еңбек биржасы, 2023).

Осы сайттың көшіп қонуға қатысты тағы бір бөлігінде тұрғылыұты жерін ауыстыруға ниет еткендер үшін баратын жерінің нақты картасы бар, онда қызыққан аудан елдімекені жайында ақпарат жеткілікті, мәселен білім ошағы, мәдениет орталығы, медицина орындары, спортпен айналысу орындары көрсетіліп, қалай байланысу керектігіне дейін берілген.

Осындай ақпараттық саясатты тоқтатпау керек, осы бағыттағы оң үрдіс ретінде айтар болсақ, әсіресе салалық министрлік әр облыста түсіндіру жұмыстарын жүргізе бастады.

Келесі қадам-қанша адам, қанша отбасы қай аймақтан қай аймаққа қоныс аударғаны, қанша жұмысқа орналасқаны туралы статистикалық ақпарат жинау ғана емес, сонымен қатар қоныс аударушылардың кәсібіне байланысты жұмыс орындарын құру мүмкіндігі, келген елді мекеннің ауданынан шаруашылық жүргізу үшін қажетті жер учаскелері, таңдалған елді мекенге дейін қандай сапа, ауыз су мәселесі қалай шешілді және т. б. өмірге қажетті ақпарат жиналатын бақылау орталығын ашу қажет.

Интернеттегі байланысты дамыту кезінде, қазіргі кездегідей, ақпаратқа қол жетімділік жоғары және адам бірінші кезекте интернет көздеріне жүгінеді. Сондықтан көші-қон процесін цифрландыруды дамыту қажет. Көші-қонның басты мақсаты – демографиялық теңсіздікті жою ғана емес, сонымен қатар әр аймақтың дамуына ықпал ететін сапалы адами капиталды қалыптастыру екенін ұмытпаған жөн.

Жалпы өңірлер диспропорциясы мәселенің түбімен шешу – сыбайлас жемқорлықтың, жұмыссыздықтың, ауылдар мен білім ошақтарының жабылып қалмауының тетігі.

Әдебиеттер

- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013921>. Қаралған күні: 01.04.2023.
- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746#z802>. Қаралған күні: 04.04.2023)
- Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы// Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961>. Қаралған күні: 01.04.2023.
- Кенжеғұл Ж. (2022) «Қандастардың көшіп келуіне қатысты саясат түбегейлі өзгереді»//«Егемен Қазақстан» газеті. – № 89. – 01.09.2022. 1-б.
- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729>. Қаралған күні: 1.04.2023.
- Переселенцы с юга на север могут получить до 4 миллионов тенге на покупку жилья// «Tengrinews» ақпарат порталы. [Электронды ресурс]: URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pereselentsyi-yuga-sever-mogut-poluchit-4-millionov-tenge-491030/. Қаралған күні: 13.02.2023.
- Ұлттық статистика бюросы [Электронды ресурс]: URL: www.stat.gov.kz. Қаралған күні: 1.04.2023.
- Электрондық еңбек биржасы [Электронды ресурс]: URL: <https://www.enbek.kz/kk/search/vac?prof=%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B0%D1%80>. Қаралған күні: 04.04.2023.
- Ықылас, М., Габдулина, Б. Ішкі көші-қонды дамыту бағдарламасын бағалау: тиімділігі мен кемшілігі// Қоғам және дәуір, 78(2). [Электронды ресурс]: URL: <https://journal-kogam.kisi.kz/index.php/kd/article/view/173>. Қаралған күні: 04.06.2022.
- Бодаухан К., Джусибалиева А.К. Влияние миграционных процессов на занятость в сельском хозяйстве Республики Казахстан// Проблемы агропродовольствия. Учредители: Научно-исследовательский институт экономики агропромышленного комплекса и развития сельских территорий министерства сельского хозяйства Республики Казахстан. [Электронды ресурс]: URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=35313070>. Қаралған күні: 04.06.2022.
- Қазақстан: кеңейтілген көші-қон профилі// Қазақстан Республикасындағы Көші-қон жөніндегі Халықаралық Ұйым (КХҰ)/ БҰҰ көші-қон агенттігі – Орталық Азия бойынша субаймақтық үйлестіру кеңсесі. Алматы. – 2020-146 б.
- Жусупова А., Илеуова Г., Насимова Г., Халикова Ш. (2022). URL: Влияние программ переселения повышение конфликтности в регионах// САР PAPER. №279. 1-20 б. [Электронды ресурс]: URL: <https://centralasiaprogram.org/vliyanie-programm-pereseleniya-na-povyshenie-konfliktnosti-regionah-kazahstana>. Қаралған күні: 04.06.2022.
- Ольга Трофимова, «Фрагментация европейского общества: особенности культурного и религиозного многообразия»// Научно-аналитический вестник ИЕ РАН, 2019, №4: 104-110.
- М. Колосницына, И. Суворова. «Международная трудовая миграция: теоретические основы и политика регулирования»// Экономический журнал ВШЭ, 2005, №4: 545-547.
- Stark, Tales of Migration without Wage Differentials: Individual, Family and Community Contexts// ZEF Discussion Paper on Development Policy. (Bonn: Center for Development research, 2003), 22-23.

References

- Qazaqstan Respyblikasy normativtik quyqytyq aktileriniń aqparattyq-quyqytyq júesi [Rules for voluntary resettlement of people to increase the mobility of the workforce/ / information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013921>. Date of treatment: 01.04.2023. (In Kazakh).
- Qazaqstan Respyblikasy normativtik quyqytyq aktileriniń aqparattyq-quyqytyq júesi [Government resolution on approval of the state program for the development of productive employment and mass entrepreneurship “Enbek” for 2017-2021//information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746#z802>. Date of treatment: 04.04.2023). (In Kazakh).
- Qazaqstan Respyblikasy normativtik quyqytyq aktileriniń aqparattyq-quyqytyq júesi [Concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027// information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961>. Date of treatment: 01.04.2023. (In Kazakh).
- Kenjeǵul J. (2022) “Qandastardıń kóship kelyıne qatysty saiasat túbegeıli ózgeredi”// “Egemen Qazaqstan” gazeti. – № 89. – 01.09.2022. 1-b. [Kenzhegul zh. (2022) “the policy on the immigration of Kandas will radically change”// newspaper “Egemen Kazakhstan”. – No. 89 – – 01.09.2022.P.1](In Kazakh).
- Qyatty ónirler jobasyn bekıty túraly Qazaqstan Respyblikasy Úkimetiniń qaylysy// Qazaqstan Respyblikasy normativtik quyqytyq aktileriniń aqparattyq-quyqytyq júesi [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan on approval of the powerful regions project// information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729>. Date of treatment: 1.04.2023. (In Kazakh).
- Pereselensy s yuga na sever moyıt polychit do 4 millionov tenge na pokypkы jılá// “Tengrinews” aqparat portalı. [Pereselentsy from Yuga to North can receive up to 4 million tenge for Housing// Information Portal “Tengrinews”]. [Electronic resource]: URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pereselentsyi-yuga-sever-mogut-poluchit-4-millionov-tenge-491030/. Date of treatment: 13.02.2023. (In Russian).

Qazaqstan Respublikasyndaǵy syrtqy kóshi-qon týraly derekter//Ultyq statistika búrosy [Data on external migration in the Republic of Kazakhstan // Bureau of National Statistics].[Electronic resource]: URL: www.stat.gov.kz. Date of treatment: 1.04.2023. (In Kazakh).

Elektrondyq enbek birjasy [Electronic labor exchange].[Electronic resource]:URL:https://www.enbek.kz/kk/search/vac?prof=%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B0%D1%80. Date of treatment: 04.04.2023. (In Kazakh).

Yqylas, M., Gabdulina, B. Ishki kóshi-qondy damytý baǵdarlamasyn baǵalaý: tiimdiligi men kemshiligi// Qoǵam jáne dáýir, 78(2). [Iklas, M., Gabdulina, B. assessment of the program for the development of internal migration: effectiveness and disadvantage// society and the era, 78(2)].[Electronic resource]:URL:https://journal-kogam.kisi.kz/index.php/kd/article/view/173. Date of treatment:04.06.2022. (In Kazakh).

Bodaýhan K., Djýsibalieva A.K. Vlianie migrasionnyh prosesov na zanátos v selskom hozáistve Respublíki Kazahstan// Problemy agrorynka. Ýchreditel: Naýchno-issledovatel'skii instítýt ekonomiki agropromyshlennogo kompleksa i razvítia selskikh territorii ministerstva selskogo hozáistva Respublíki Kazahstan. [Bodaukhan K., Dzhusibalieva A. K. The impact of migration processes on employment in rural areas of the Republic of Kazakhstan// Agricultural problems. Teachers: scientific and Research Institute of the agro-industrial complex of the economy and development of the agricultural territory of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan].[Electronic resource]:URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=35313070. Date of treatment: 04.06.2022. (In Russian).

Qazaqstan: keńetilgen kóshi-qon profili// Qazaqstan Respublíkasyndaǵy Kóshi-qon jónindegi Halyqaralyq Uıym (KHU)/ BUU kóshi-qon agenttigi – Ortalyq Azia boıynsha sýbaimaqtıyq úlestirý keńsesi. Almaty. – 2020-146 b.[Kazakhstan: extended migration profile// International Organization for Migration in the Republic of Kazakhstan (WTO) / UN Migration Agency-subregional Coordination Office for Central Asia. Almaty. – 2020-146 P.] (In Kazakh).

Jýsýpova A., Ileýova G., Nasımova G., Halikova Sh.(2022). URL: Vlianie programm pereselenia povyshenie konfliktnosti v regionah// CAP PAPER. №279. 1-20 b. [Zhusupova A., Ileuova G., Nasimova G., Khalikova Sh. (2022). URL: introduction of programs to increase conflict in regions// CAP PAPER. No. 279. P. 1-20]: URL:https://centralasiaprogram.org/vliyanie-programm-pereseleniya-na-povyshenie-konfliktnosti-regionah-kazahstana . Date of treatment: 04.06.2022. (In Russian).

Olga Trofimova, “Fragmentatsia evropeiskogo obshestva: osobennosti kúltýrnogo i religioznogo mnogoobrazia”// Naýchno-analıticheskiı vestnik IE RAN, 2019, №4: 104-110.[Olga Trofimova, “fragmentation of the European community: identity of cultural and religious pluralism “ // scientific and analytical bulletin II ran, 2019, No. 4: 104-110.] (In Russian).

M. Kolosnitsyna, I. Sývorova. “Mejdýnarodnaia trýdovaiia migratsia: teoreticheskie osnovy i politika regýlirovaniya”// Ekonomicheskii jýrnal VSHE, 2005, №4: 545-547. [M. Kolosnitsyna, I. Suvorova. “International labor migration: theoretical foundations and regulatory policy”// HSE Economic Journal, 2005, No.4: 545-547.](In Russian).

O.Stark, Tales of Migration without Wage Differentials: Individual, Family and Community Contexts// ZEF Discussion Paper on Development Policy. (Bonn: Center for Development research, 2003), 22-23. (In Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Мұхит Ықылас Мұхамедханұлы (корреспондент автор) – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Саясаттану кафедрасының докторанты (Астана қ., Қазақстан, электронды пошта: muhkit@mail.ru);

Гадулина Бағыш Ахметовна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Саясаттану кафедрасының меңгерушісі, саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент (Астана қ., Қазақстан);

Information about authors:

Mukhit Yqylas Mukhamedkhanuly (corresponding author) – doctoral student of the Department of Political Science of the L. N.Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: muhkit@mail.ru);

Gabdullina Bagysh Akhmetovna – Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Head of the Department of Political Science of L. N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan);

*Алынды 14 мамыр 2023 ж.
Қабылданды 24 ақпан 2024 ж*